ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 2 ақпандағы №7119-24-00-2/675 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Golden Eagle» жеке кәсіпкер
«Ali-7» жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «Golden Eagle» жеке кәсіпкеріні, «Ali-7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы, тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Golden Eagle» жеке кәсіпкеріні, «Ali-7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 02.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.03.2024, судья Тюлебекова Г. С., 14.03.2024
7119-24-3-1/195

«Golden Eagle» жеке кәсіпкерінен, «Ali-7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен әрқайсысынан мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Golden Eagle» жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 32 120 (отыз екі мың бір жүз жиырма) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы сомасын, 964 (тоғыз жүз алпыс төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Ali-7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 82 281 (сексен екі мың екі жүз сексен бір) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы сомасын, 2 468 (екі мың төрт жүз алпыс сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 02.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2024, судья Тюлебекова Г. С., 14.03.2024